

**"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 248 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 3 ақпандағы № 137 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 ақпанда № 26757 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 248 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5379 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы*

*С. Бекшенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК